

Бекітемін.

Мектеп директоры:  Г.Есиркепова



**Жас Ұлан ұйымының Кеңес мүшелерінің 20—20—жылдарға арналған жылдық
Жоспары**

№	Іс шаралар жоспарының тақырыбы	Мерзімі	Аяқталу нысаны	Жауапты
1	1. Оқушылар қазақ тілін білу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік атрибуттары мен мемлекеттік рәміздерін білуге арналған онлайн форматта тәрбие сағаттарын өткізу 2. «Қазақстан Республикасы рәміздерінің үздік қолданылуы және насихатталуы» байқауын өткізу	Қыркүйек	Жиналыс хаттама	А.Базарбаевна
2	1. «Отбасы күнін» мерекелеу аясында «Отбасы – бақыт мекені» республикалық апталық өткізу. Арнайы жоспарлар әзірлеу	қыркүйек	Жиналыс хаттама	Аға тәлімгер
3	1.2022-2023 оқу жылының қорытындысы 2.Мектеп комитеті мүшелерін сайлау 3.2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспар	қыркүйек	Жиналыс хаттама	А.Базарбаевна
4	1. «Ұстаздар күні» мерекесін өткізу 2. Күз мезгіліндегі мерекелерді жоспарлап, ұйымдастыру «Тапқыр достар» интеллектуалды ойын	қазан	Жиналыс хаттама	А.Базарбаевна
5	1.«Шығармашылық-шыңдайды шеберлігін» оқушылар арасында көрме байқауын ұйымдастыру. 2.Киберқауіпсіздік, кибергигиена, кибермәдениет мәселелері бойынша мектепте оқыту семинарларын ұйымдастыру	желтоқсан	Жиналыс хаттама	А.Базарбаевна
6	1.«Менің болашақ мамандығым» тәрбиелік шара өткізу 2.Бастауыш сынып және 5-7 сынып оқушылары арасында «Отбасы – бақыт мекені», «Мен және менің полициям» тақырыбында сурет көрмесі мен сурет, шығарма байқауларын өткізу туралы 3«Интернеттің пайдасы мен зияны» дебат	Қаңтар	Жиналыс Хаттама	А.Базарбаевна

7	Мектептегі тәртіпті қадағалау Сабақтан кешіккен, сабақтан себепсіз қалған оқушылар Таңертеңгі жаттығулар жасау	Ақпан	Жиналыс Хаттама	А.Базарбаевна
8	Жас ұлан ұйымының жұмысының жүргізілуі туралы есеп беру	Мамыр	Жиналыс Хаттама	А.Базарбаевна

**Global Education мектебінің 2023-2024 оқу жылы бойынша Жас ұлан ұйымының
қыркүйек айында кезекті отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Қатысқандар:

1. Айнұр Базарбаевна
2. Жас Ұлан ұйымының мүшелері

Күн тәртібінде:

3. Оқушылар қазақ тілін білу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік атрибуттары мен мемлекеттік рәміздерін білуге арналған онлайн форматта тәрбие сағаттарын өткізу
4. «Қазақстан Республикасы рәміздерінің үздік қолданылуы және насихатталуы» байқауын өткізу

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Базарбаевна сөз алды. Өркениет жағдайында қоғамды сипаттайтын маңызды ерекшелік – тәуелсіздікке деген ұмтылыс: біртіндеп нығаятын (үзілістермен, кейін қарай бұрылыстармен, қиыр жолдармен) жеке адамның автономиясы, жеке меншікке негізделген экономиканың тәуелсіздігін, жеке адамның қоғамды басқаруға қатысуы. ХХІ ғасырдың басындағы әлемде жақсы қарқынмен дамып келе жатқан жас мемлекеттің бірі – Қазақстан. Қазақстан – ол қазақ елі дегенді білдіреді. Осы республиканың негізгі тұрғылықты халқы қазақтардың ана тілі – түркі тілінің қыпшақ тобына жатады. Олардың діні – мұсылман суниттер, мәдениеті исламның негізінде қалыптасқан. Қазақтардың тілі, нәсілі, дәстүрі және менталитеті шығыстық. Қазақтың, немесе Қазақстан жер көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орын алады, негізінен Азия құрлығында орналасқан. Қазақ ұлты мен оның тарихи қалыптасқан жерін отаршыл патша үкіметі мен Кеңестер Одағы мойындаған. Тәуелсіз Қазақстан республикасы қазақ халқы мен оның ана тілінің, және тарихи қалыптасқан жерінің негізінде құрылды. Тәуелсіз елдің мемлекеттік тілі болып қазақ тілі заңдастырылғандығын баяндады. Келесі сөз мәртебесін Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары П.Кентаев жалғастырды. Ол мемлекеттік рәміздер туралы қысқаша баяндамасын оқып өтті. Мемлекеттік рәміздер-еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін паш ететін нышандар. Бұл рәміздер біздің мемлекетіміздің өткені, бүгіні мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі.

Мемлекеттік рәміздер-халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер. Қазақ халқы көптен күткен тәуелсіздікке қол жеткізді.Егемен мемлекет болды.Әрбір елдің өзінің тәуелсіздігін білдіретін басты белгілері болады. Қазіргі кезде дүние

жүзіндегі мемлекеттер қанша болса , сол мемлекеттердің барлығында бірінен бірін ажырататын және өзіндік бет бейнесін айқындайтын нышан белгілері болады. Оларды рәміздер деп атаймыз.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заң 2007 жылы 4 маусымда қабылданды. Осы Заңға сәйкес жыл сайын 4 маусым Қазақстан Республикасында Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мерекеленеді.

Мемлекеттік рәміздер – бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырағысыз атрибуттарының бірі. Қазақстан Республикасында Мемлекеттік ту, Мемлекеттік елтаңба және Мемлекеттік гимн мемлекеттік рәміздер болып табылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының

тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының авторы – Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Шәкен Ниязбеков. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы – дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаңшылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ «Қазақстан» деген жазу – алтын түстес. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының авторлары – белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов. Бұрын «Менің Қазақстаным» әні ретінде танымал болған Қазақстанның гимні Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша 2006 жылы 6 қаңтарда еліміздің Парламентінде бекітілді. Бірінші рет ол 2006 жылы 11 қаңтарда Мемлекет басшысының салтанатты ұлықтау рәсімінде орындалды. Оқушыларымызға да рәміздеріміздің құндылығын ұғындырып, түрлі іс-шаралар ұйымдастырып жатқандығын айтты.

Қаулы:

1. Оқушылардың аса маңызды мемлекеттік белгілер - рәміздер жөніндегі білімдерін жан-жақты сарапқа салу, оларға мемлекеттік белгілердің аса маңызды екенін ұғындырып, оны ерекше құрметтеп, мақтан тұту керектігін ашып көрсету үшін сынып сағаттары ұйымдастырылсын.
2. «Қазақстан Республикасы рәміздерінің үздік қолданылуы және насихатталуы» атты тақырыпта шығармашылық жұмыстар, іс-шаралар түзілсін.

Оқу меңгерушісі:

Хатшы:

**Global Education мектебінің 2023-2024 оқу жылы бойынша Жас Ұлан ұйымының
қыркүйек айында кезекті отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Қатысқандар:

1. Айнұр Базарбаевна
2. Жас Ұлан ұйымының мүшелері

Күн тәртібінде:

2. «Отбасы күнін» мерекелеу аясында «Отбасы – бақыт мекені» республикалық апталық өткізу. Арнайы жоспарлар әзірлеу

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А Базарбаевна сөз алды. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады, сондықтан да туган үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді. Ақын сөзімен айтқанда:

Адамдар арасындағы қарым-қатынас «Отбасы – табиғат сыйлаған кереметтердің бірі», - десек артық емес. Жеке адамның бойындағы ар-ұяты, ақыл-ойы, адамгершілігі, басқа адамдармен қарым-қатынаста, мәдениеттілікті тәрбиелеуде отбасы алғашқы қадам. Сондықтан, отбасы өте қажетті, басқадай ешнәрсемен өзгертуге (ауыстыруға) болмайтын баспалдақ. Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі – бала.

Баланың тәрбиелі болып өсуіне береке-бірлік отбасының әсері мол. Отбасының әрбір мүшесі, өзара сөйлесіп, не болмаса ата-ананың, баланың міндетін атқару ғана емес береке-бірлік, сүйіспеншілікпен араласса, босағасы берік, шаңырағы биік отбасына айналары сөзсіз. Қатынаста адамгершілік, әдеп-инабат үрдістерінің қаншалық кең жайылып, терең тамырлануы, ең алдымен, олардың жекелеген отбасында өркен жаяуына, яғни баланың ата-анасын жан-жүрек қалауымен, саналы түрде ардақтап, құрметтеуіне, инабат тағылымын үлкендерден үйрене отырып, олардың өздеріне деген қарым-қатынастарында мүлтіксіз жүзеге асырып отыруларына байланысты.

Адам өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі - баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Бұл – жас ұрпақтың мәдениеттілігін, әдептілігінің ғана емес, ең алдымен, адамшылығының белгісі. Отбасы күнін мерекелеу қарсаңында барлық сыныптарға тапсырма беріліп, іс-шаралар түзілгендігін айтты

Өткенге көз жіберсек, ата-бабаларымыз ұрпақ тәрбиесіне қатты көңіл бөлген. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Әкеге қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер», «Қызың өссе қызы жақсымен ауылдас бол, ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол» т.б. мақал-мәтелдерден отбасында ұл бала тәрбиесінде әкенің, қыз бала тәрбиесінде шешенің орны ерекше екенін, ата-ананың жүрген жолынан өскелең ұрпақ қандай да бір сабақ алып өсетінін көреміз. Және осы тақырыпқа байланысты 7-8 сыныптар арасында онлайн форматта сұхбат алмасу өткізгенін мәлім етті.

Қаулы:

1. «Отбасы» құндылығы туралы түсініктерді отбасы туралы ұғымдарды кеңейту, оны сүйе білуге, отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге үйретуге, отбасының негізі өмірдің ұйытқысы, киелі қасиетке ие болу сыры, отбасы тәлімінің мәні туралы түсініктерді кеңейту үшін арнайы сынып сағаттары өтілсін.
2. «Отбасы бақыт мекенім» атты тақырыпта оқушылар арасындат сурет байқауы ұйымдастырылсын.

**Global Education мектебінің 2023-2024 оқу жылы бойынша Жас Ұлан ұйымының
қыркүйек айында кезекті отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Қатысқандар:

1. А Базарбаевна
2. Жас Ұлан ұйымының мүшелері

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы
2. Мектеп комитеті мүшелерін сайлау
3. 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспар

Тыңдалды:

1. «Global Education мектебінің» аға тәлімгер А.Базарбаевна «Жас Ұлан» ұйымының мүшелеріне 2023-2024 оқу жылының қорытындысы мен атқарылған жұмыстар туралы мәлімет берді.
2. «Жас Ұлан» ұйымының ұлан басы мен мектеп тәлімгері мектеп комитеті мүшелерін сайлап, әр бағыт бойынша жауапты оқушыларды тағайындады.
3. Тәлімгер А.Базарбаевна «Жас Ұлан» ұйымының мүшелерін 2023-2024 оқу жылына арналған «Жас Ұлан» ұйымының жылдық жоспарымен таныстырып өтті.

Қабылданған шешім:

1. «Жас Ұлан» ұйымының жұмыс жоспары бекітілсін.
2. «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері бекітілген бағыттар бойынша шараларды жандандыруға ат салысып, тиынақты орындалсын.

Оқу меңгерушісі:
Хатшы:



А.Базарбаевна

**Global Education мектебінің 2023-2024 оқу жылы бойынша Жас Ұлан ұйымының
қазан айында кезекті отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Қатысқандар:

1. Оқу меңгерушісі
2. Жас Ұлан ұйымының мүшелері

Күн тәртібінде:

3. «Ұстаздар күні» мерекесін өткізу
4. Күз мезгіліндегі мерекелерді жоспарлап, ұйымдастыру
5. «Тапқыр достар» интеллектуалды ойын

Тыңдалды:

1. «Ұстаздар күні» мерекесі қарсаңында өткізілетін мерекелік концерттің сценарийін «Жас Ұлан» ұйымы мүшелерімен бірге құрып, мектеп оқушыларына концерттік номерлер бөлінді. – Тәлімгер А.Базарбаевна
2. Күз мезгіліне орай бастауыш сыныптарда «Күз ханшайымы», ортаңғы сыныптарда «Осенний калейдоскоп» сайысытарын өткізу, өтетін орындардың безендірілуі талқыланды. – «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері, Тәлімгер: А.Базарбаевна
3. 7 сынып оқушыларының арасында «ТАПҚЫР ДОСТАР» интеллектуалды ойыны өткізуді жоспарлап, интеллектуалды сұрақтар құрастырып дайын - «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері, Тәлімгер: А.Базарбаевна

Қабылданған шешім:

1. Қазан айында өткізілетін шаралардың сценарийі құрылып, бекітілсін.
2. «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері жұмыстарына жауапкершілікпен қарап, меркелік шаралардың жақсы өтуіне ат салыссын.

«Жас Ұлан» ұйымының жетекшісі:
Хатшы:

А.Базарбаевна

**Global Education мектебінің 2023-2024 оқу жылы бойынша Жас Ұлан ұйымының
желтоқсан айында кезекті отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Қатысқандар:

1. А.Базарбаевна
2. Жас Ұлан ұйымының мүшелері

Күн тәртібінде:

1. «Шығармашылық-шындайды шеберлігін» оқушылар арасында көрме байқауын ұйымдастыру.
2. Киберқауіпсіздік, кибергигиена, кибермәдениет мәселелері бойынша мектепте оқыту семинарларын ұйымдастыру

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Базарбаевна сөз алды. «Ұдайы еңбек ету – өнердің де, өмірдің де заңы» дейді Оноре Бальзак. «Ұдайы еңбек ету» тіркесі қазіргі күні білім саласында да өз орнын тапқан. Бұл сөздің астарында іздену, талпыну, ынталану әрекеттері жатыр. Бүгінгі таңда білім саласы күннен күнге дамып, оқушы мен ұстазға қоятын талаптары да күшейіп келеді. Сондықтан, мектеп ордасында рухани азық алып жүрген әрбір жан еңбектену арқылы биіктерге жете алады. Қазіргі білім саласы жалқаулықты көтере алмайды. Өйткені күннен күнге күрделеніп, онымен қоймай алға қарай ілгерілеп келе жатқан жайымыз бар. Әрине, «еңбектену» ұғымының, әсіресе, шығармашылыққа келгенде маңызы зор.

Шығармашылық дегеніміз, менің түсінігімде, адамға ғана тән болатын, ішкі жан дүниесінің тереңінде бұғып жатқан дүниелерді тудыратын, танымдық формада ойлау түрі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері - шығармашылықтың нәтижесі. Баланың шығармашылық қабілетін дамытатын ұстаздың өзі де шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет деп білемін.

Шығармашылықтың бастауы негізі бастауыш сыныптарда қалыптасады. Сол үшін төменгі сынып оқушыларының дамуын бағыттап, бағдарламаса, жоғары сыныпқа келгенде, көбінің шығармашылық мүмкіндігі шектеліп, тоқырап қалады. Сондықтан да, бастауыш сынып мұғалімі ретінде менің оқушы шығармашылығы бағытындағы әрбір жұмысым маңызды рөл атқарады. Тек ұстаздың ғана емес, бапкердің де рөлін атқаруым шарт. Шығармашылық жұмыс оқушыларды азаматтық рухта тәрбиелеп, олардың дүниетанымын дамытып, ой-өрісін кеңейтеді, сонымен қатар көптеген пәндер саласында білімін жетілдіруге септігін тигізетіндігін мәлімдеді.

Келесі сөз кезегін бірлестік жетекшісі, еңбек пәні мұғалімі Қ.Көгедеева сөз кезегін алды. Халықтың сәндік қолөнері оқушылар ұғымына жақындығымен және шығармашылық болмысымен олардың көркемдік шығармашылық қабілеттерінің дамуына әсер етуші құрал болып табылады. Оқушылар үшін сәндік-қолданбалы өнердің алуан түрлерін, дәстүрлі үлгілерін сипаттайтын техникалық әдістер мен шеберлік дағдыларын игеру маңызды. Мектеп практикасы жеткіншек жасы тұлғасының қалыптасуындағы маңызды кезең болып анықталады.

Баланың осы жасында оның бейнелеу өнері сабақтарына қажетті психофизиологиялық жетілуі аяқталады. Іс-әрекеттерінің көптеген функционалдық көрсеткіштері (көз жұмысы, түр-түсті, көрінетін дүниенің басқа да аспектілері мен кеңістігін қабылдау қабілеті) толық

нақтыланады. Олардың көркемдік процестің техникалық әдістерін үйренуге және орындауға белсенді қызығушылықтары пайда болады. Осы орайда біз бастауыш сынып аралығындағы оқушылар арасында сурет байқауын өткізуді және орта буын оқушыларына кесте және тоқыма тоқу т.б әртүрлі тақырыпта тапсырмалар беріліп ең үздік оқушыларды марапаттап көрме ұйымдастырылып жатқандығын айтты.

«Киберқалқан» жүйесін Ұлттық қауіпсіздік комитеті дайындаған. Бұл жоба тек мемлекеттік жүйені бақылауға алатын болады. Ал банктер, компаниялар мен кәсіпкерлер кибершабуылдарға өздері тойтарыс беруі қажет екенін айттық. Статистика еліміздегі әрбір үшінші компьютерде вирус барын білдіріп отыр. Соған қарап, жақын уақытта киберқылмыстың бетін қайтару мүмкін еместігін болжау қиын емес. «Қазақстанның киберқалқаны» жобасының бірінші кезеңінде ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы белгіленген талаптарды сақтаудың толық құқықтық тәжірибесі қалыптасып, білім беру бағдарламалары мен кәсіби стандарттарға ревизия жүргізіліп, киберқауіпсіздік саласында оқытылып жатқан мамандардың саны мен сапасы артуда.

Қаулы:

3. Мектеп оқушылары түрлі көркем материалдарды қолдана отырып, өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін қолданып түрлі тақырыпта тапсырмалар беріліп, көрме ұйымдастырылсын.
4. Онлайн форматта көрме жасау бойынша жасалынған шығармашылық жұмыстардың ішінен таңдалған жұмыстар мектептің сайтына жүктелсін

Аға тәлімгер: А.Базарбаевна
Хатшы:

**Global Education мектебінің 2023-2024 оқу жылы бойынша Жас Ұлан ұйымының
қаңтар айында кезекті отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Қатысқандар:

1. А.Базарбаевна
2. Жас Ұлан ұйымының мүшелері

Күн тәртібінде:

1. «Менің болашақ мамандығым» тәрбиелік шара өткізу
2. Бастауыш сынып және 5-7 сынып оқушылары арасында «Отбасы – бақыт мекені», «Мен және менің полициям» тақырыбында сурет көрмесі мен сурет, шығарма байқауларын өткізу туралы
3. «Интернеттің пайдасы мен зияны» дебат

Тыңдалды:

1. Мектептің түлектері мен 9-сынып оқушылар арасында болашақ мамандықты таңдаудағы мақсаттары мен жоспарларымен бөлісіп, әрбір маман иелерінен кеңес алу мақсатында «Жас Ұлан» ұйымының мүшелерімен бірігіп тәрбиелік шараның жоспары құрылды – «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері, Тәлімгер
2. Бастауыш сынып және 5-7 сынып оқушылары арасында «Отбасы – бақыт мекені», «Мен және менің полициям» тақырыбында сурет көрмесі мен сурет, шығарма байқауларын өткізуді жоспарлап, сынып жетекшілеріне тапсырмалар берілді – Тәлімгер: А.Теміржанова
3. 8 сынып оқушылары арасында өткізілетін «Интернеттің пайдасы мен зияны» туралы дебаттың жоспары талқыланды – «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері

Қабылданған шешім:

1. Өткізілетін сурет көрмесі мен шығармалар байқауы бойынша сынып жетекшілеріне тапсырма берілсін.
2. Мектеп түлектері мен 9- сынып оқушыларына өткізілетін «Менің болашақ мамандығым» тәрбиелік шарасына әр түрлі маман иелерімен кездесулер өткізілсін.
3. «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері бекітілген бағыттар бойынша шараларды жандандыруға ат салысып, тиянақты орындалсын.

«Жас Ұлан» ұйымының жетекшісі:

А.Базарбаевна

**Global Education мектебінің 2023-2024 оқу жылы бойынша Жас Ұлан ұйымының
наурыз айында кезекті отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Қатысқандар:

1. А.Базарбаевна
2. Жас Ұлан ұйымының мүшелері

Күн тәртібінде:

Мектептегі тәртіпті қадағалау

1. Сабақтан кешіккен, сабақтан себепсіз қалған оқушылар
2. Таңертеңгі жаттығулар жасау

Тыңдалды:

1. Аға тәлімгер мектеп тәртібін қадағалау жұмыстарын жүргізді. айы бойынша мектеп оқушыларының киім үлгісі талапқа сай. Мектеп дәлізінде оқушыларды өзін-өзі ұстауына байланысты ескертулер беріліп, жұмыстануда.
2. Тәртіп министрі сабаққа кешігіп келген , сабақтан себепсіз қалған оқушыларды қадағалау жұмыстарын жүргізді. Жұмыс барысында сабаққа кешігіп немесе сабақтан себепсіз жиі қалған 5,7,8, 3,4,6 сынып оқушыларына ескерту беріп, сынып жетекшісі бақылауға алды.
3. Мектебіміз бойынша күнделікті бірінші сабақ алдында сағат 7:50 де оқушыларға таңғы жаттығу жұмыстары уақытылы жүргізіліп жүр.

Қабылданған шешім:

1. Мектептегі тәртіп қатаң бақылауға алынсын.
2. Оқушылардың ойлау қабілетін дамытатын интеллектуалды ойындар жиі өткізілсін.
3. Оқушылардың сабақты себепсіз қалдырмауы, кешігіп келмеуі қатаң бақылауға алынсын.

Оқу меңгерушісі:

А.Базарбаевна